

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары  
Кеңесінің отырысының  
Хаттамасы**

*Астана қаласы*

*№1*

*24 тамыз 2015 ж.*

**Төрағалық еткен:** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры **Сыдықов Е.Б.**

**Қатысқандар:** (тізім бойынша)

**Күн тәртібінде**

1. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесі төрағасының орынбасары мен хатшысы кандидатураларын бекіту.
3. Аймақтық ректорлар кеңестерінің төрағаларын бекіту.
4. Жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесі жанындағы бейіндік комиссиялар тізімін бекіту.
5. Жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің жұмысын ақпараттық сүйемелдеу туралы (сайт, ақпараттық бюллетень және т.б.).
6. Ректорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы жұмыс Жоспарын жүзеге асыруға, жоғары оқу орындарын лицензиялау және аккредитациялауға, білім беру ұйымдарының рейтингін анықтауға, жоғары оқу орындарын жаңғырту және ректорларды іріктеу, тағайындау және аттестаттауға қатысуы туралы.
7. 2015 жылғы қыркүйек-желтоқсан айларына жооаралық қоғамдық-маңызды ісшаралар жоспарын дайындау туралы.
8. 2015 жылғы ҰБТ қорытындысы. 2015 жылы жоғары оқу орындарына қабылдау нәтижелері туралы.

---

*Сыдықов Е.Б., Өмірбаев С.М., Абдиев К.С., ректорлар (тізім бойынша)*

**Ректорлар Кеңесінің отырысында сөз алған қатысушылардың ақпараттары мен ұсыныстары назарға алынсын.**

1.1. 1. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітілсін (*Қосымша1*).

1.2. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының

ректорлары Кеңесінің мәжілісі кем дегенде үш айда бір рет өткізілсін.

2.1. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің төрағасының орынбасары ретінде Ш.Уәлиханов атындағы Кекшетау мемлекеттік университетінің ректоры Ә.Ә.Әбжаппаровтың кандидатурасы бекітілсін.

2.2. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің хатшысы ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректорының кеңесшісі Ә.А.Молдажанованың кандидатурасы бекітілсін.

3.1. Ректорлар кеңесі құрылымында бес аймақтық кеңес құрылсын:

- Алматы облысы және Алматы қаласы ректорлар Кеңесі;
- Батыс аймағының ректорлар Кеңесі;
- Оңтүстік аймағының ректорлар Кеңесі;
- Орталық және Солтүстік аймағының ректорлар Кеңесі;
- Шығыс аймағының ректорлар Кеңесі.

3.2. Аймақтық Кеңестердің төрағалары ретінде келесі ректорлар бекітілсін:

- Пірәлиев Серік Жайлауұлы - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры, Алматы қ. және Алматы облысы ректорларының кеңесі төрағасы;
- Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы - Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-нің ректоры, Батыс аймағы ректорларының кеңесі төрағасы;
- Шаймарданов Жасұлан Құдайбергенұлы - Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-нің ректоры, Шығыс аймағы ректорларының кеңесі төрағасы;
- Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы - М.Дулати атындағы ТМУ-нің ректоры, Оңтүстік аймағы ректорларының кеңесі төрағасы;
- Наметов Асқар Мырзахметұлы - А.Байтұрсынова атындағы ҚМУ-нің ректоры, Солтүстік аймағы ректорларының кеңесі төрағасы.

4.1. Жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесі жанындағы бейіндік комиссиялар тізімі келесі бағыттар бойынша бекітілсін:

- Академиялық сұрақтар бойынша комиссия;
- Ғылыми-зерттеу және инновациялық бағыт бойынша жұмыс істейтін комиссия;
- Тәрбие жұмысы және жастар саясатын жүзеге асыратын комиссия.

4.2 Аймақтық кеңестер төрағалары (Пірәлиев С.Ж., Мамраев Б.Б., Сарыбеков М.Н., Шаймарданов Ж.К., Наметов А.М.) 2015жылдың 10-шы қыркүйегіне дейін ректорлар Кеңесіне Комиссия туралы ережелер жобасын, құрамы мен жұмыс регламентін ұсынсын.

5.1ҚР жоғарғы оқу орнындарының ректорлар Кеңесінің жұмысын ақпараттық сүйемелдеу қамтамасыз етілсін:

- ҚарМТУ (А.М.Газалиев) 2015жылғы15 қыркүйекке дейін ректорлар Кеңесінің сайтын әзірлеу туралы ұсыныс енгізісін;

-Ш.Уәлиханов атындағы КМУ (Ә.Ә.Әбжаппаров) 2015 жылғы 15 қыркүйекке дейін ректорлар Кеңесінің ақпараттық бюллетенін әзірлеу туралы ұсыныс енгізісін.

6.1. ҚР ЖОО Ректорлар Кеңесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы жұмыс Жоспарын жүзеге асыруға, жоғары оқу орындарын лицензиялау және аккредитациялауға, білім беру ұйымдарының рейтингін анықтауға, жоғары оқу орындарын жаңғырту комиссиясы және ректорларды іріктеу, тағайындау және аттестаттау комиссиясының жұмыстарына белсенді қатыссын.

6.2. ҚР жоғарғы оқу орнындарының ректорлар Кеңесі 2015 жылғы 15 қыркүйегіне дейін ректорлардың коллегиялық жұмыстарға қатысуы туралы ҚР Білім және Ғылым министрілігіне жіберілетін хат жобасын дайындасын.

7.1. ҚР жоғарғы оқу орнындарының ректорлар Кеңесі 2015 жылғы 15 қыркүйегіне дейін жыл соңына дейін(2015 жылдың

қыркүйек-желтоқсан айларына арналған) өтетін жооаралық қоғамдық-маңызды ісшаралар жоспарын дайындасын

7.2. Аймақтық кеңестердің төрағалары(Пірәлиев С.Ж., Мамраев Б.Б., Сарыбеков М.Н., Шаймарданов Ж.К., Наметов А.М.) 2015 жылғы 10 қыркүйекке дейін ҚР ректорлар кеңесіне жыл соңына дейін жоспарланған қоғамдық-маңызды ісшаралар (2-3 іс-шарадан) туралы ақпаратты жіберсін.

8.1. К.С.Әбдиев, С.М.Өмірбаевтің 8. 2015 жылғы ҰБТ қорытындысы туралы, 2015 жылы жоғары оқу орындарына қабылдау нәтижелері туралы ақпараттары ескеруге алынсын.

8.2.ҚР жоғарғы оқу орнындарының ректорлар кеңесі ЖЖКБХЫД-мен (С.М.Өмірбаев) бірлесе отырып 2015 жылғы 15 қыркүйекке дейін Қазақстан студенттерінің күнін өткізу туралы ұсыныстар әзірлесін.

**ҚР ЖОО ректорлары  
Кеңесінің Төрағасы,  
Л.Н.Гумилев атындағы  
ЕҰУ ректоры**

**Е.Сыдықов**

**ҚР ЖОО ректорлары  
Кеңесінің хатшысы**

*E-mail: [svrk@enu.kz](mailto:svrk@enu.kz)*

*Байланыс телефоны: +7 (7172) 709559;*

*тел: +7 (7172) 709500; 31208.*

**Ә. Молдажанова**

**2015 ж. қазан(№2 отырыс)**

1. Жоғары білікті кадрлар дайындауда жоғары оқу орындары мен ҒЗИ біріктіру тәжірибесі туралы. Баяндамашы - Мутанов Г.М.
2. Қазақстан Республикасы ЖОО-дарының студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын жүзеге асыруға қатысты езара әрекеттері туралы. Баяндамашы - Наметов А.М.
3. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмысберушілермен бірлескен ісшаралар жүргізу туралы. Баяндамашы - Шаймарданов Ж.К.
4. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру туралы. Баяндамашы - Ботабеков А.К.
5. Республикалық жооаралық электронды кітапхананың жұмысы туралы (тіркелген жоолар үлесі). Баяндамашы - Альшанов Р.А.
6. «Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі» АЖ қызметінің сапасы туралы. Баяндамашы - ЖЖКБХЫД директоры Әмірбаев С.М.
7. ҚР ЖОО ректорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы (тамыз айындағы отырыс қорытындысы бойынша). Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.

**2015 ж. желтоқсан(№3 отырыс ҚарМТУ базасында)**

1. Қазақстан Республикасы ректорлар Кеңесінің жұмысының қорытындысы туралы. Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.
2. Қазақстан Республикасы ЖОО-да Қадағалаушы кеңестер жұмыстарының қорытындылары туралы. Баяндамашылар – ЖОО ректорлары.
3. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту. Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.
4. Қазақстан Республикасы ЖОО ректорларының жыл сайынғы форумын ұйымдастыру және еткізу туралы. Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.
5. ҚР ЖОО ректорлары кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы (қазан айындағы отырыс қорытындысы бойынша). Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.